

## Ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 875 қаулысы.

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 875 қаулысымен  
бекітілген

## Ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі

**Ескету. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 14.07.2022 № 477 қаулысымен.**

Р/с №	Атауы	Мемлекеттік әріптес	Жеке әріптес	Іске асыру мерзімі
1	2	3	4	5
1.	"Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізінің "Алматы-Қорғас" автомобиль жолы учаскесіндегі "Нұр жолы" автомобиль өткізу пунктін салу және пайдалану	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	"Eurotransit Terminal" ЖШС	2018-2026 жылдар
2.	Көкшетау қаласында 630 орындық көпбейінді аурухана салу және пайдалануға беру	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	"РенЭлл Кокшетау" ЖШС	2022 – 2029 жылдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК